ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ "ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Шығыс № 01-147.

«03» 09 2025 ж.

«Компания инвест mk» ЖШС
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Қолбасшы Қойгелді көшесі, 70 үй

Тараз қаласы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу бөлімінің шағымдарын қарауға жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі-лауазымды тұлға), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 ж. №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 590 - тармағына сәйкес, осы мемлекеттік сатып алуға қатысушы «Компания инвест mk» ЖШС-нің (бұдан әрі – өтініш беруші) № 15141406-2, лот № 79401659-ОК1 «Тараз қаласындағы Ұлы Дала шағын ауданындағы тротуарларды ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу» бойынша конкурсының қорытындысына мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 28.08.2025 ж. № 267067 тіркелген шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қарап, келесідей хабарлайды.

Қағидалардың 76-тармағының талаптарына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы талап етілсе, онда бұл талапқа сәйкестігі материалдық ресурстарға меншік құқығын немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен расталады. Егер материалдық ресурстар жалға алынған болса, онда жалға алу шартының электрондық көшірмесі қосымша ұсынылады. Бұл ретте, жалға алу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсетуге немесе жұмыстарды орындауға арналған мерзімнен кем болмауы тиіс.

“Мемлекеттік сатып алу туралы” Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының (әрі қарай - Заң) 11-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) мынадай біліктілік талаптары қойылады: шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес: осы конкурс шеңберінде біліктілік талаптары осы конкурс құжаттамасының 7-қосымшасына сәйкес ұсынылған.

Сонымен қатар, әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін конкурс құжаттамасының 11-қосымшасына сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді толтырады. 11-қосымшаның 4-тармағында әлеуетті өнім берушілер қызметтер көрсету үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді көрсетеді, сонымен бірге мәлімделген материалдық ресурстарға меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса ұсынады (меншікті немесе жалға алынған). Бұл ретте, әлеуетті өнім берушілер материалдық ресурстарға иелік ететінін растау үшін оларды көрсетуі және олардың бар екенін құжатпен дәлелдеуі тиіс: егер меншікті болса – меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса беруі қажет; егер жалға алынған болса – кімнен жалға алынғанын көрсетуі және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса ұсынуы тиіс.

Осылайша, әлеуетті өнім берушілер материалдық ресурстардың бар екенін растау кезінде оларды біліктілік туралы мәліметтерде көрсетуі және құқықты растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса беруі тиіс.

Сіздің ТОО «Amazon-2030» ЖШС-нің конкурстық өтінімі “Салмағы кемінде 8 тонна болатын Жамбыл облысында тіркелген болуы тиіс өздігінен жүретін жол катоктары» материалдық ресурс бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, өйткені аталған ресурс ТОО «Amazon-2030» өтінімінде — ТОО «Айя Сервис»-тен 2025 жылғы 28 шілдедегі жалға алу шартына сәйкес басқа конкурс – №15091747-1 “Тараз қаласына қосылған 14 елді мекендегі көпқабатты үйлерге кіреберіс жолдарды және автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу” бойынша жұмыстарды орындау үшін уақытша иелік ету және пайдалану құқығында ұсынылған делінген деген шағымыңыздағы уәждеріңізге қатысты келесіні хабарлаймыз: Сіздің уәждеріңіз негізсіз болып табылады, себебі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге қатысты материалдық ресурстарды жалға алу кезінде Сіздің шағымыңызда көрсетілгендей қосымша талаптар қойылмаған.

Заңның 4-бабы 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Жалға алу шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына қайшы келмейді, шартта жалға берушінің материалдық ресурсты басқа конкурстарда пайдалануға болмайды деген талап көрсетілмеген. Сонымен қатар, егер жалға алу шартында басқа конкурстың нөмірі көрсетілсе (мысалы, ол алдыңғы немесе өзге конкурсқа қатысу үшін жасалған болса), бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шартты жарамсыз немесе жол берілмейтін деп тануға негіз болмайды. Конкурстық комиссия өтінімді қарау барысында жалға алу мақсатын және оның қолданылу мерзімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің осы мүлікке иелік етуге (пайдалануға) заңды негізінің бар екенін — өтінім берген сәтте және осы конкурс шеңберіндегі барлық міндеттемелерді орындау мерзіміне дейін анықтады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қағидалардың 592-тармағына сәйкес "Компания инвест mk" ЖШС-нің шағымы қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп тапты.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (әрі қарай - Заң) 25-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

Бұл ретте, Заңның 25-бабының 6-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **Г. Мульдеков**

Орын.: Е. Бекболатов
Тел.: 45 00 40